

**«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ
D091 – Ветеринария (8D09101 – «Жануарлардың ветеринариялық
жайлылығы», 8D09102 – «Мал өнімдерінің санитарлық-экологиялық
қауіпсіздігі», 6D120100 – «Ветеринариялық медицина», 6D120200 -
«Ветеринариялық санитария») даярлау бағыты бойынша диссертациялық
кеңесінің 2025 жылы атқарған жұмысы жөнінде
ЕСЕП**

«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ D091 – Ветеринария (8D09101 – «Жануарлардың ветеринариялық жайлылығы», 8D09102 – «Мал шаруашылығы өнімдерінің санитарлық-экологиялық қауіпсіздігі», 6D120100 – «Ветеринариялық медицина», 6D120200 – «Ветеринариялық санитария») даярлау бағыты (мамандықтары) бойынша диссертациялық кеңес Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 711 бұйрығына және С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ Басқармасы төрағасының 10.16.2025 жылғы 1.8.1-3/308-н бұйрығына сәйкес құрылған.

Диссертациялық кеңес төрағасы профессор С.К. Әбдірахманов, төраға орыңбасары профессор Т.Ж. Әбдірахманов, ғалым хатшы PhD Р.Х. Мустафина тағайындалған.

1. Өткізілген мәжілістер саны туралы мәліметтер.

Есеп беріліп отырған жылы 5 мәжіліс өткізілді.

№1 Мәжілісте 22.05.2025 ж. – Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамын сайлау. «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ докторанттары Жангулова А.Н., Кукеева А.А., Мамытбекова Г.К.- ның PhD доктор дәрежесіне үміткерлікке өтінімдерін қарау және қорғау күні мен ресми рецензенттерді тағайындау.

№2 Мәжілісте 30.06.2025 ж. – «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ докторанты А. Н. Жангулованың 8D09101 – «Жануарлардың ветеринариялық жайлылығы» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық жұмысын қорғауы.

№3 Мәжілісте 30.06.2025 ж. – «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ докторанты А.А. Кукееваның 6D120100 – «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысын қорғауы.

№4 Мәжілісте 30.06.2025 ж. – «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ докторанты Г.К. Мамытбекованың 6D120100 – «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысын қорғауы.

№5 Мәжілісте 29.12.2025 ж. – Диссертациялық кеңестің жаңа тұрақты құрамын бекіту. Негізі: университеттің ғылыми кеңесінің 25.12.25 ж. №5 хаттамасы.

2. Мәжілістің жартысынан кем жұмысына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелері - жоқ.

3. Білім алатын ұйым атауы келтірілген докторанттар тізімі

Т.А.Ж.	Мамандығы	Диссертация тақырыбы	Ғылыми кеңесшілері	ЖОО (білім алатын жері)
Джангулова Асем Нуржановна	8D09101 – «Жануарлардың ветеринариялық жағдайы»	«Мал шаруашылығы өнімдерінің құрамындағы антибиотиктерді мультиплекстік анықтауға арналған иммунохроматографиялық талдауды әзірлеу»	Булашев Айтбай Кабыкешович, ветеринария ғылымдарының докторы, Микробиология және биотехнология кафедрасының профессорі, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ арготехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, Астана қ., Қазақстан. Дзантиев Борис Борисович, химия ғылымдарының докторы, профессор, А.Н. Бах атындағы Биохимия институтының иммунобиохимия зертханасының меңгерушісі, Ресей ғылым академиясының «Биотехнологияның іргелі негіздері» федералды ғылыми-зерттеу орталығы, Мәскеу қ., Ресей Федерациясы	«С. Сейфуллин атындағы Қазақ арготехникалық зерттеу университеті» КеАҚ
Кукеева Айгерим Аскатовна	6D120100 – «Ветеринариялық медицина»	«Сиярлардың желінсауларын емдеудің дәстүрлі емес әдістерін құрастыру»	Абдрахманов Талгат Жунусович-ветеринария ғылымдарының докторы, «Ветеринарлық медицина» кафедрасының профессоры, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ арготехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, Астана қ., Қазақстан.	«С. Сейфуллин атындағы Қазақ арготехникалық зерттеу университеті» КеАҚ

			<p>Семиволос Александр Мефодьевич- ветеринария ғылымдарының докторы, «Жануарлар аурулары және ветеринариялық-санитариялық сараптама» кафедрасының профессоры, Н.И.Вавилов атындағы Саратов мемлекеттік генетика, биотехнология және инженерия университеті, Саратов қ., Ресей Федерациясы.</p>	
<p>Мамытбекова Гулнур Курбаналиевна</p>	<p>«6D120100 – Ветеринариялық медицина»</p>	<p>«Сиырлардың көбею функциясын клиникалық-лабораториялық зерттеу және оны коррекциялау»</p>	<p>Джакупов Исатай Тусупович – ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, «Ветеринариялық медицина» кафедрасының профессоры, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ арготехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, Астана қ., Қазақстан Республикасы.</p> <p>Есжанова Гульжан Турсуновна – ветеринария ғылымдарының кандидаты, «Ветеринариялық медицина» кафедрасының доценті, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ арготехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, Қазақстан Республикасы.</p> <p>Дюльгер Георгий Петрович – ветеринария ғылымдарының</p>	<p>«С. Сейфуллин атындағы Қазақ арготехникалық зерттеу университеті» КеАҚ</p>

			докторы, профессор, «Темирязов К.А. атындағы РГАУ- МСХА», Ресей Федерациясы.	
--	--	--	--	--

Жоспарға сәйкес 2025 жылы 3 докторант диссертациялық жұмысын қорғады. Докторанттар Жанғұлова А.Н., Күкеева А.А., Мамытбекова Г.К.-ға ҚР БЖЖМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті Төрағасының бұйрықтарымен (№1869 20.10.2025 ж.; №1870 20.10.2025 ж.; №1866 20.10.2025 ж.) философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі берілді.

4. Есеп беру жылында кеңесте қарастырылған диссертациялар жөніндегі қысқаша талдау

4.1. Диссертациялық жұмыстардың тақырыптарына жасалынатын талдау.

PhD доктор дәрежесіне ұсынылған диссертациялар ветеринария саласындағы қолданбалы зерттеулер бойынша орындалған.

Джангулова Асем Нуржанқызының «Мал шаруашылығы өнімдерінің құрамындағы антибиотиктерді мультиплекстік анықтауға арналған иммунохроматографиялық талдауды әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ветеринарияның өзекті мәселелеріне сәйкес келіп, сүт пен етте бірнеше антибиотиктерді бір уақытта анықтау үшін отандық иммунохроматографиялық тест өндіру технологиясын әзірлеуге арналған.

Кукеева Айгерим Асқатқызының «Сиырлардың желінсауларын емдеудің дәстүрлі емес әдістерін құрастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ветеринарияның өзекті мәселелеріне сәйкес келіп, сиырлардың субклиникалық маститін емдеудің тиімді әдістерін іздеуге, оларды салыстырмалы зерттеуге және тиімділігін негіздеуге арналған.

Мамытбекова Гулнур Қурбанналиқызының «Сиырлардың көбею функциясын клиникалық-лабораториялық зерттеу және оны коррекциялау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ветеринарияның өзекті мәселелеріне сәйкес келіп, сиырлардың жыныс мүшелерінің инволюциясын диагностикалауға және оны *Calligonum leucocladum* фитопрепаратын қолданып коррекциялауға арналған.

4.2. Диссертация тақырыбының Қазақстан Республикасы Үкіметінің Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясымен қарастырып, ұсынған ғылым дамуына қатысты «Ғылым туралы» Заңының 18 бабы 3 тармағына сәйкес бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларымен байланысы

Джангулова Асем Нуржанқызының «Мал шаруашылығы өнімдеріндегі антибиотиктерді мультиплексті анықтау үшін иммунохроматографиялық талдау әдісін әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР БҒМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыру бағдарламасы аясында жүргізілді: «Қазақстандағы құйрыққанат пен туляремия қоздырғыштары геномдарының

молекулалық-генетикалық ерекшеліктерін салыстырмалы талдау», АР05131460, 2018-2020 жж.

Күкеева Айгерім Асқатқызының «Сиырлардың маститтерін емдеудің дәстүрлі емес әдістерін әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің бағдарламалық-мақсатты қаржыландыруы аясында жүргізілді: BR06249242-OT-20 «Ветеринариялық әл-ауқат пен азық-түлік қауіпсіздігіне ғылыми қолдау көрсету», «Сиырлардың жыныс мүшелері мен сүт бездері ауруларын емдеу үшін тиімді биологиялық белсенді препараттарды әзірлеу» бастамашылық тақырыбы №0118РКИ0594 мемлекеттік тіркеу бойынша орындалды.

Мамытбекова Гулнур Қурбанналиқызының «Сиырлардың көбею функциясын клиникалық-зертханалық диагностикалау және оны коррекциялау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің гранттық жобалары аясында орындалды: BR06249242-OT-18 «Ветеринариялық әл-ауқат пен азық-түлік қауіпсіздігіне ғылыми қамтамасыз ету» 2018-2020 жж.; АР 08051842 «Орталық және Оңтүстік-Шығыс Азия өсімдіктерінің эфир майларының құрамы мен биологиялық белсенділігін зерттеу» 2021-2023 жж., АР19678293 «Сиырлардың жатыр ауруларын көру диагностикасы үшін тест әзірлеу» 2023-2025 жж.

4.3. Диссертация нәтижелерін өндіріске енгізу деңгейін талдау

Джангулова Асем Нуржанқызының әзірлеген ғылыми-техникалық құжаттама: СЭҚТН 72.11.13 ХСЖ 11.220 бойынша ғылыми-техникалық құжаттаманы әзірлеуде көрініс тапты: – Ұйым стандарты 230721000–001–2023 «Сүт пен еттегі антибиотиктерді анықтауға арналған ИХТ тест»; – Сүт пен ет құрамындағы антибиотиктердің қалдық мөлшерін анықтауға арналған ИХТ тестті қолдану жөніндегі нұсқаулық; – Сүт пен еттегі антибиотиктерді анықтауға арналған ИХТ тестті дайындау және бақылау жөніндегі нұсқаулық (Қосымша А). Диссертациялық жұмыстың материалдары С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінде оқу процесінде пайдаланылады. Атап айтқанда, 7M05101 – «Ветеринариялық биотехнология» және 8D09101 – «Жануарлардың ветеринариялық жайлылығы» білім беру бағдарламалары бойынша магистранттар мен докторанттарға арналған дәрістер мен зертханалық-практикалық сабақтарда «Ветеринариялық медицина мен мал 5 шаруашылығындағы биотехнологияның заманауи мәселелері» және «Ветеринариялық иммунология» пәндерінің силлабустары аясында қолданылады.

Кукеева Айгерім Асқатқызының жүргізген зерттеулер негізінде «Ижевский» ЖК, «Астана-Өнім» АҚ шаруашылықтарында субклиникалық маститке шалдыққан сиырларды гомеопатиялық өсімдік препаратымен кешенді емдеу енгізілді. Диссертациялық жұмыс материалы 6B09101 - «Ветеринариялық қауіпсіздік» және 6B09102 «Азық-түлік қауіпсіздігі» мамандықтары бойынша оқитын білім алушыларға «Ветеринарлық акушерлік және гинекология» пәні бойынша лекция оқу және зертханалық-практикалық сабақтар өткізу кезінде оқу үдерісінде қолданылады.

Мамытбекова Гулнур Курбанналиқызының жатырдың инволюциясы мен жыныс мүшелерінің патологиясын диагностикалау әдісі әзірленді, бұл әдіс сиырларды ұрықтандыруға дайындалу мүмкіндігін, ал ауру жануарларды емдеуге дайындалу мүмкіндігін анықтауға мүмкіндік береді. Аналық құнардың көбею функциясын коррекциялау әдісі, *Calligonum leucocladum* В препаратының экстракты мен суппозиторийлерін қолдана отырып, эндометриттерді емдеу әдістері ұсынылды.

5. Пікір берушілер жұмыстарын талдау.

Ветеринарлық ғылымдар бойынша диссертациялық кеңестің отырыстарында қорғалатын диссертациялық жұмыстар бойынша рецензенттер қаралды және бекітілді.

Джангулова Асем Нуржанқызының диссертациясы бойынша рецензенттер ретінде тағайындалған: Амутова Фарида Бахтияровна – PhD, физика-химиялық зерттеу әдістері зертханасының меңгерушісі, «Антиген» ҒӨО ЖШС, Алматы облысы, Қазақстан және Кошембетов Жумағали Каукарбаевич – биология ғылымдарының докторы, профессор, жұқпалы ауруларды диагностикалау зертханасының меңгерушісі, «Биологиялық қауіпсіздік мәселелері ғылыми-зерттеу институты» ЖШС, Жамбыл облысы, Қазақстан.

Кукеева Айгерим Асқатқызының диссертациясы бойынша рецензенттер ретінде тағайындалған: Джуланов Мардан Нұрмұхамбетұлы – ветеринария ғылымдарының докторы, «Клиникалық пәндер» кафедрасының профессоры, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті», Алматы қ., Қазақстан және Сенғалиев Ербол Маратұлы – ветеринария ғылымдарының кандидаты, «Ветеринария және агротехнологиялар» институтының аға оқытушысы, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан.

Мамытбекова Гулнур Курбанналиқызының диссертациясы бойынша рецензенттер ретінде тағайындалған: Джуланов Мардан Нұрмұхамбетұлы – ветеринария ғылымдарының докторы, «Клиникалық пәндер» кафедрасының профессоры, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті», Алматы қ., Қазақстан және Хасанова Мадина Асылханқызы – PhD, «Ветеринариялық медицина» кафедрасының қауымдастырылған профессоры м.а., «А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КеАҚ, Қостанай қ., Қазақстан.

Рецензенттер ретінде жоғары оқу орындарының, ғылыми ұйымдардың сәйкес мамандықтар бойынша ғылыми дәрежелері, атақтары бар және халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланымдары бар жетекші ғалымдары тағайындалды.

Рецензенттердің пікірлері оларды дайындау талаптарына сәйкес ресімделді. Жалпы, тартылған рецензенттер диссертацияларды мұқият талдады, және олардың жұмысы қойылатын талаптарға жауап берді.

6. Ғылыми мамандарды дайындау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар - жоқ.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны

	8D09101 – Жануарлардың ветеринариялық жайлылығы	8D09102 – Мал өнімдерінің санитарлық-экологиялық қауіпсіздігі	6D120100 – Ветеринариялық медицина	6D120200 – Ветеринариялық санитария
қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары)	1	-	2	-
қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары)	-	-	-	-
рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары)	-	-	-	-
қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары)	-	-	-	-
пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары)	-	-	-	-
қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары)	-	-	-	-
Қорғалған диссертациялардың жалпы саны (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары)	1		2	

Диссертациялық кеңес төрағасы

С.К. Әбдірахманов

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы



Р.Х. Мустафина

«Қазақ Агротехникалық Зерттеу және Білім Алғандық Академиясы» атындағы Қазақ агротехникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

С.К. Әбдірахманов

Р.Х. Мустафина қолын растаймын:

Ғалым - хатшы *Мерзиддин*